

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 20-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 21 мамырдағы № 78 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 57-бабының 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 20-бөліміне өзгерістер енгізілсін.

2. Мынадай:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында дезинфекциялық құралдардың айналымы оларға қатысты осы Шешім күшіне енгенге дейін берілген мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі бар болған жағдайда, оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін жүзеге асырылады;

б) Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 20-бөліміне қосымшаның 1.8.1 және 2.3-тармақтарында көзделген өнеркәсіптік өндіріс жағдайында пайдаланылатын, биологиялық факторлардың (жәндіктердің) әсер етуінен дерматологиялық жеке қорғану құралдарына жататын репеллентті құралдарға қойылатын талаптар Кеден одағының "Жеке қорғану құралдарының қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентіне мұндай құралдардың уыттылығына, қауіпсіздігіне және физикалық-химиялық көрсеткіштеріне қойылатын талаптарды белгілеу бөлігіне өзгерістер енгізуді көздейтін Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің шешімі күшіне енген күннен бастап күшіне енеді деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімдерге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 20-бөліміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. II тараудың 20-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бөлім. Дезинфекциялық құралдарға қойылатын талаптар

1. Қолданылу саласы

1. Осы бөлім ветеринарияда және ауыл шаруашылығында қолданылатын құралдарды қоспағанда, кәсіби қолдануға, бөлшек саудаға арналған әртүрлі препаративті нысандар түріндегі (ЕАЭО СЭҚ ТН 2801 2853, 2901 2942, 3307, 3604 және 3808 тауар позицияларындағы) дезинфекциялық құралдарға қатысты қолданылады.

2. Анықтамалар

2. Осы бөлімнің мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"дезинфекциялық құралдың қауіпсіздігі" – дезинфекциялық құралды мақсатты қолдану және ұсынылған қауіпсіздік шараларын сақтау кезінде адамның, жануарлардың денсаулығы, қоршаған орта үшін зиянның болмауы;

"дезинсекциялық құрал" – олардың санын азайту мақсатында буынаяқтыларға қатысты жою іс-шараларын жүргізуге арналған (химиялық, биологиялық) құрал;

"дезинфектологиялық сараптама" – адамның өмірі мен денсаулығын қорғау, тұтынушыларды адастыратын іс-әрекеттердің алдын алу мақсатында жүзеге асырылатын дезинфекциялық құралды сипаттайтын материалдарды (химиялық құрамын, қауіпсіздігін, тиімділігін зертханалық, аспаптық, биологиялық, натуралық зерттеулер мен сынақтардың нәтижелерін, сондай-ақ дезинфекциялық құралға ілеспе нормативтік, әдістемелік және нұсқаулық құжаттаманы қоса алғанда) қарау және бағалау рәсімі. Дезинфектологиялық сараптаманың нәтижесі сараптама қорытындысы болып табылады;

"дезинфекциялық құралдар" – дезинфекциялауды (дезинфекциялау құралдары), стерильдеу алдында тазартуды, стерильдеуді (стерильдеу құралдары), дезинсекциялауды (инсектицидтік, педикулицидтік, акарицидтік құралдар), дератизациялауды (дератизациялық құралдар) жүргізуге арналған құралдар, сондай-ақ репелленттік құралдар;

"дезинфицициялау құралы" – қоршаған орта объектілерінде (объектілер ішінде) микроағзаларды жою үшін қолданылатын құрал;

"эсер етуші зат" – дезинфекциялау құралының құрамына енетін және оның тиімділігін қамтамасыз ететін химиялық зат;

"дератизациялық құрал" – кеміргіштердің санын жарамды деңгейге дейін азайту үшін немесе оларды жою үшін қолданылатын құрал;

"дезинфекциялық құралдың айналымы" – дезинфекциялық құралды әзірлеу, тіркеу, өндіру, тасымалдау, өткізу, қолдану, кәдеге жарату және (немесе) жою процестері;

"педикулицидтік құрал" биттерді, олардың жұмыртқалары мен дернәсілдерін жансыздандыру үшін қолданылатын құрал;

"препаративтік нысан" – эсер етуші заттан немесе эсер етуші заттардың қоспасынан және функционалдық компоненттерден тұратын мақсатты тағайындалуы бойынша қолдануға дайын дезинфекциялық құрал;

"қолдану режимі" – дезинфекциялау құралының тиімділігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін дезинфекциялау құралын қолдану факторларының, талаптарының, технологияларының жиынтығы;

"репелленттік құрал" – буынаяқтыларды (соның ішінде өнеркәсіптік өндіріс жағдайларында пайдаланылатын биологиялық факторлардың (жәндіктердің) ықпал етуінен дерматологиялық жеке қорғану құралы) немесе кеміргіштерді үркітуге арналған құрал;

"стерильдеу алдында тазарту құралы" – медициналық бұйымдарды стерильдеуге кедергі келтіретін немесе оның тиімділігін төмендететін ақуызды, майлы және басқа да ластанудан тазартуға арналған құрал;

"стерильдеу құралы" – микроағзалардың барлық түрлерін (соның ішінде бактерияларды, вирустарды, саңырауқұлақтарды) олардың дамуының барлық сатыларында жоюға арналған құрал;

"дезинфекциялық құралдың тиімділігі" – стерильдеудің, дезинфекциялаудың, дезинсекциялаудың, дератизацияның қол жеткізілген деңгейін сипаттайтын абсолютті немесе салыстырмалы көрсеткіші.

3. Дезинфекциялық құралдардың қауіпсіздігі талаптары

3. Дезинфекциялық құралдардың қауіпсіздігі қосымшаға сәйкес дезинфекциялық құралдардың уыттылығы мен қауіпсіздігінің нормативтік көрсеткіштеріне қойылатын талаптарды сақтау арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Препаративтік нысандардың, дезинфекциялық құралдардың жұмыс ерітінділерінің қауіпсіздігін бағалау:

а) дезинфекциялық құралдардың жұмыс ерітінділерінің токсикологиялық қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы;

б) дезинфекциялық құралдардың химиялық және физикалық қасиеттері туралы (ұшпалылығын, тұрақтылығын, басқа қосылыстармен үйлесімділігін қоса алғанда) (мәліметтерді дайындаушы ұсынады);

в) дезинфекциялық құралдардың қауіптілігін бағалау туралы (Біріккен Ұлттар Ұйымы Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (бар болған жағдайда), Еуропалық одақтың немесе АҚШ Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі агенттігінің (EPA) деректері);

г) олардың әрқайсысы үшін қолданыстағы стандартты, не REACH жүйесінде (Registration, Evaluation and Authorisation of Chemicals барлық химиялық заттардың өндірісі мен айналымын, соның ішінде оларды міндетті тіркеуді реттейтін халықаралық регламент) тіркеуді, не CAS нөмірін (Chemical Abstracts Service Америка химиялық қоғамының химиялық заттар туралы ақпаратты жинаумен шұғылданатын бөлімшесі), сондай-ақ IUPAC (Халықаралық теориялық және қолданбалы химия одағы) сәйкес атауын көрсете отырып, препаративтік нысан компоненттерінің (толтырғыштар, эмульгаторлар, тұрақтандырғыштар, еріткіштер және т.б.) токсикологиялық сипаттамасы туралы;

д) асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы туралы;

е) теріге енгізген кезде күшті уыттылығы туралы;

ж) күшті ингаляциялық уыттылығы туралы;

з) құрсақ қуысына енгізген кезде күшті уыттылығы туралы;

и) теріге және көздің шырышты қабығына тітіркендіргіш әсері туралы;

к) денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері туралы;

л) кумулятивті әсері туралы;

м) теріге-қанға сіңгеннен кейінгі әсері туралы;

н) күштілігі аз ингаляциялық уыттылығы туралы;

о) асқазанға түскен кездегі күштілігі аз уыттылығы туралы;

п) асқазанға түскен кездегі созылмалы уыттылығы туралы;

р) судың органолептикалық қасиеттеріне (иісі, дәмі) ықпалы туралы;

с) әсер етуші заттардың жұмыс аймағы ауасындағы, елді мекендердің атмосфералық ауасындағы, су объектілері суындағы гигиеналық нормативтері (шекті рұқсат етілетін концентрациялары немесе әсер етудің болжамды қауіпсіз деңгейлері) туралы (ағзаға асқазан, тері, ингаляциялық жолмен түсу кезінде күшті уыттылығы параметрлері бойынша, тітіркендіретін, теріге-қанға сіңгеннен кейінгі, денені түршіктендіру (сенсбилизация), репроуытты, мутагендік, канцерогендік әсер етуі бойынша қауіпті ретінде сыныпталмайтын әсер етуші заттар үшін талап етілмейді);

т) әсер етуші заттардың түрленуі өнімдерінің, зиянды қоспалардың және су объектілері суында (барлық түрдегі суларды зарарсыздандыру құралдары үшін) әсер етуші заттардың ықпалымен түрлену өнімдерінің гигиеналық нормативтері (шекті рұқсат етілетін концентрациялары) туралы;

у) кейіннен болатын әсерлер (мутагендік белсенділік, канцерогендік, эмбриоуыттылық, тератогендік және гонадоуыттылық әсер ету, эндокриндік жүйеге ықпал ету) туралы деректердің болуы туралы;

ф) ұсынылған қолдану режимдеріндегі нақты қауіптер туралы;

х) дезинфекциялық құралдардың препаративтік нысандарының тиімділігі туралы мәліметтердің негізінде жүзеге асырылады.

5. Оларға қатысты 1998 жылғы 10 қыркүйектегі Халықаралық саудадағы жекелеген қауіпті химиялық заттар мен пестицидтерге қатысты алдын ала негізделген келісім рәсімі туралы Роттердам конвенциясы және 2001 жылғы 22 мамырдағы Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясына А және В қосымшалары қолданылатын химиялық заттарды әсер етуші заттар ретінде пайдалануға жол берілмейді.

4. Дезинфектологиялық сараптама

6. Дезинфектологиялық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібі мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

7. Дайындаушының немесе сатушының (импортердің) немесе дайындаушының уәкілетті тұлғасының дезинфектологиялық сараптама жүргізуі үшін мыналарды:

а) дезинфекциялық құралдың рецептурасын;

б) оларға сәйкес тауар дайындалатын мемлекеттік тіркеу жүргізілетін мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес куәландырылған (Одақтың кедендік аумағынан тыс дайындалған тауар үшін) немесе дайындаушы куәландырған (Одақтың кедендік аумағында дайындалған тауар үшін) құжаттарды (стандарттар, техникалық шарттар, регламенттер, технологиялық нұсқаулықтар, сипаттамалар, рецептуралар, құрамы туралы мәліметтер);

в) ол туралы, оның тағайындалуы, әсер етуші заттар, уыттылық сипаттамасы, жұмыс ерітінділерін дайындау, қолдану жөніндегі нұсқаулықты, қауіпсіздік шаралары және дезинфекциялық құралмен улану жағдайында алғашқы көмек туралы мәліметтерді, кәдеге жарату тәсілдері туралы жалпы мәліметтерді қамтитын дезинфекциялық құралды қолдану жөніндегі нұсқаулықты (нұсқаулықтың жобасы);

г) дезинфекциялық құралдың сапасын бақылау әдістері (әсер етуші затты бақылау әдісін қоса алғанда) туралы мәліметтерді қамтитын құжатты;

д) дезинфекциялық құралдың тұрақтылығы (жарамдылық мерзімі) туралы анықтаманы;

е) затбелгінің үлгісін;

ж) әсер етуші заттың, негізгі компоненттердің және препаративтік нысанның уыттылық сипаттамасын қамтитын құжатты, қоршаған орта объектілеріндегі (су, ауа, топырақ) гигиеналық нормативтерді (ағзаға асқазан, тері, ингаляциялық жолмен түсу кезінде күшті уыттылығы параметрлері бойынша, тітіркендіретін, теріге-қанға сіңгеннен кейінгі, денені түршіктендіру (сенсибилизация), репроуытты, мутагендік, канцерогендік әсер етуі бойынша қауіпті ретінде сыныпталмайтын әсер етуші заттар үшін талап етілмейді);

з) әсер етуші затты және (немесе) оның қоршаған орта объектілерінде (су, ауа, топырақ) түрленуі өнімдерін бақылау әдістері туралы мәліметтерді қамтитын құжатты;

и) әсер етуші заттың және дезинфекциялық құралдың химиялық өнімінің қауіпсіздік паспортын (MSDS) және (немесе) қауіпсіздік парағын (кейіннен болатын әсерлер (мутагендік белсенділік, канцерогендік, эмбриоуыттылық, тератогендік және гонадоуыттылық әсер ету, эндокриндік жүйеге ықпал ету) туралы мәліметтерді қоса алғанда);

к) олар дезинфекциялық құралдың құрамында болған жағдайда наноматериалдардың қауіпсіздігі туралы мәліметтерді қамтитын құжатты;

л) дезинфекциялық құралдың тиімділігін және қауіпсіздігін зерттеу нәтижелерін қамтитын құжатты;

м) дезинфекциялық құралмен қауіпсіз жұмыс істеу шаралары туралы мәліметтерді қамтитын құжатты (оған сәйкес тауар дайындалатын құжат немесе химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты);

н) үлгілерді (сынамаларды) іріктеу актісін қоса тіркей отырып, дайындаушының қаптамасындағы препаративтік нысанның үлгісін (Одақтың кедендік аумағында дайындалған тауар үшін);

о) дезинфекциялық құралдың әсер етуші затының стандартты үлгісін қамтитын құжаттама қалыптастырылады.

8. Дезинфектологиялық сараптама қорытындысы бойынша мынадай:

а) дезинфекциялық құралдың (препаративтік нысанның) атауы;

б) препаративтік нысанды дайындаушы;

в) дезинфекциялық құралдың әсер етуші заттарын дайындаушы;

г) дезинфекциялық құралдың, оның жұмыс ерітінділерінің және препаративтік нысандардың уыттылық сипаттамасы;

д) химиялық-талдамалық, биологиялық бақылаудың негізгі нәтижелері, дезинфекциялық құралдың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау;

е) дезинфекциялық құралдың мақсаттылығы;

ж) дезинфекциялық құралдың қолданылу саласы туралы мәліметтерді қамтитын дезинфекциялық құралды Одақтың кедендік аумағында мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сараптамалық қорытынды ресімделеді.

9. Дезинфекциялық құралды мемлекеттік тіркеу мүмкін еместігі туралы негізделген қорытынды мынадай жағдайларда беріледі:

а) осы бөлімнің 7-тармағында көзделген құжаттарды немесе үлгілерді ұсынбау;

б) зерттеулер жүргізу нәтижелері бойынша:

дезинфекциялық құралда әсер етуші заттар ретінде тыйым салынған химиялық заттар пайдаланылғанын;

дезинфекциялық құралдың тиімділігінің болмауын;

дезинфекциялық құралдың осы бөлімге қосымшада көзделген көрсеткіштерге сәйкессіздігін анықтау.

5. Дезинфекциялық құралды қаптау және таңбалау

10. Дезинфекциялық құралдарды қаптау оларға сәйкес дайындалған құжаттардың талаптарына немесе дайындаушының талаптарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Қаптама дезинфекциялық құралдардың жарамдылық мерзімі ішінде сақтау және тасымалдау кезінде олардың сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

11. Кемінде 2,0 бірлік және 11,5 бірліктен астам рН бар дезинфекциялық құралдардың қаптамасы оларды қауіпсіз құюға арналған арнайы құрылғымен жабдықталуы тиіс.

12. Өлшеп-оралған дезинфекциялық құралдарды таңбалау олардың тұтынушылық қаптамасына, оның сақталуын қамтамасыз ететін тәсілмен қаптамаға бекітілген затбелгісіне, жазба белгісіне тікелей жасалады.

13. Өлшеп-оралған дезинфекциялық құралды таңбалау мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- а) дезинфекциялық құралдың атауы және тағайындалуы;
- б) әсер етуші заттардың атауы және құрамы;
- в) дайындаушының атауы және орналасқан жері (занды тұлғаның мекенжайы);
- г) дезинфекциялық құрал оған сәйкес дайындалған құжаттың белгісі (бар болған кезде);
- д) тұтынушы қаптамасындағы дезинфекциялық құралдың атаулы саны (нетто салмағы немесе көлемі);
- е) дезинфекциялық құралды қолдану жөніндегі ұсынымдар (бөлшек саудаға арналған құралдар үшін);
- ж) сақтау шарттары;
- з) дайындалған күні (ай, күнтізбелік жыл) және жарамдылық мерзімі (айлар, жыл) немесе "... (ай, күнтізбелік жыл) дейін жарамды" деген жазба;
- и) дезинфекциялық құралды дұрыс қолдануға арналған пиктограммалар (қажет болған кезде);
- к) дезинфекциялық құралмен жұмыс кезінде сақтық шаралары, улану кезіндегі алғашқы көмек (бөлшек саудаға арналған құралдар үшін).

14. Дезинфекциялық құралдардың Одақтың кедендік аумағында айналымы кезінде таңбалау орыс тілінде және мүше мемлекеттердің заңнамасында тиісті талаптар болған жағдайда аумағында дезинфекциялық құралдар өткізілетін мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде (мемлекеттік тілдерінде) жасалады."

2. II тараудың 20-бөлімі мынадай мазмұндағы қосымшамен толықтырылсын:

"Санитариялық-эпидемиологиялық
қадағалауға (бақылауға)

Дезинфекциялық құралдардың уыттылығы мен қауіпсіздігінің нормативтік көрсеткіштері

Пайдаланылатын қысқартулар:

C_{20} – булардың 20 °C кезінде қаныққан концентрациясы;

DL_{50} – өлтіретін орташа дозасы;

Lim_{ac} – күшті әсер ету шегі;

Lim_{subac} – күштілігі аз әсер ету шегі;

ПАҚ – пропеллентсіз аэрозольді қаптама;

ӘЕЗ – әсер етуші зат;

ДҚ – дезинфекциялық құрал;

ЕАМ – емдеу-алдын алу мекемелері;

ТТЗК – тиімділігі ең төмен зарарсыздандыру концентрациясы;

$ӨБКД_{е.м.а.}$ – елді мекендендің атмосфералық ауасындағы әсер етудің болжамды қауіпсіз деңгейі;

$ӨБКД_{ж.а.}$ – жұмыс аймағы ауасындағы әсер етудің болжамды қауіпсіз деңгейі;

$БРД_c$ – шаруашылық-ауыз су және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану су объектілері суындағы болжамды рұқсат етілген деңгейі;

$БРД_{т.ж.л.}$ – тері жабындысының ластануының болжамды рұқсат етілген деңгейі;

$ШРК_{е.м.а.}$ – елді мекендердің атмосфералық ауасында шекті рұқсат етілген концентрация;

$ШРК_{басс.}$ – жүзу бассейндері мен аквапарктер суындағы шекті рұқсат етілген концентрация;

$ШРК_c$ – шаруашылық-ауыз су және суды мәдени-тұрмыстық пайдалану су объектілері суындағы шекті рұқсат етілген концентрация;

$ШРД_{т.ж.л.}$ – тері жабындысының ластануының шекті рұқсат етілген деңгейі;

$ШРК_{ж.а.}$ – жұмыс аймағы ауасындағы шекті рұқсат етілген концентрация;

ЖҚҚ – жеке қорғану құралдары;

ЦУӘ – цитоуытты әсер ету.

1. Дезинфекциялық құралдардың уыттылығы мен қауіпсіздігінің көрсеткіштері

1.1. Дезинфекциялау құралдары

Құралдың мақсаты	Зерттелетін көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер		Қолдану шарттары
		көрсеткіштің шамасы	сыныптау бағасы	
1	2	3	4	5
1.1.1. Үй-жайлардың беткі қабаттарын, қатты жиһазды, аппараттар мен аспаптарды, киімдерді, аяқ киімдерді, асхана, зертхана және бөлінділер ыдыстарын, ойыншықтарды (жұқсақ ойыншықтардан басқа), санитариялық-техникалық жабдықтарды, науқасты күту заттарын, бөлінділерді, қоқыс құбырларын, қоқыс жинағыштарды (өңдеу тәсілдері: сүрту, себелеу, малу және батыру), қалдықтарды дезинфекциялауға арналған құралдар				
1.1.1.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік, таблеткалар, гель нысанындағы және басқа дайын нысандардағы дезинфекциялау құралдары	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 (>50-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 (>200-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың 20 °С кезінде қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ -клиника	2	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		C ₂₀ ≥Lim _{ac}	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		C ₂₀ Lim _{ac}	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	>4 (≥2,3)	1-2 (1-2)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		2,1-4,0 (≥1,5-<2,3)	3 (3)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста

		(<1,5)		ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	4-тен артық	1-3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-3	4-5	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.1.2. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділері	Қолдану режимдеріндегі ингаляциялық қауіп :	1-ден кем	1	Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша мамандарға ЖҚҚ (противогаз респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
	Уыттың қатты әсер ету аймағы:	1-3	2	Пациенттер жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		3,1-10	3	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Уыттың күштілігі аз әсер ету аймағы	10-нан кем	сыныпталмайды	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	сыныпталмайды	Пациенттер болған кезде мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	(2,1-4,0 (≥1,5-<2,3))	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста

	Қайталанған аппликациялар кезінде теріге тітіркендіріп әсер етуі (0,5-1 ай)	бірқалыпты (әлсіз)	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге-қанға сіңгеннен кейінгі әсер етуі (21/28 күн)	әсердің болуы	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	4-6	3	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-3	4-5	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ыдыстағы ДҚ қалдық мөлшерінің қауіпсіздігін бағалау (таңдау бойынша):			
	- цитоуыттылық: жасушалар өсіріндісі (ЦҰӘ дәрежесі) бұқаның шәуеті (уыттылық индексі)	1 артық емес 70-120 %	сыныпталмайды сыныпталмайды	Шектеусіз Шектеусіз
	- эритроциттер гемолизі	2 % артық емес	сыныпталмайды	Шектеусіз
	- пирогенділік	әсердің болмауы	сыныпталмайды	Шектеусіз
	А у а н ы ң құрамындағы жұмыс ерітіндісі (С) ӘЕЗ - ның гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау (қажет болған жағдайда жүргізіледі)	$\frac{C}{ШРК(ӘБКД)}_{ж.а.} > 1$	1-4	Пациенттер жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		$\frac{C}{ШРК(ӘБКД)}_{ж.а.} \leq 1$	1-4	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
			3-4	Пациенттер болған кезде мамандарға

		С/ШРК(ӘБКД) _{е.м.а.} ≤1		және халыққа тұрмыста
1.1.2. Ауаны және үй-жайлардың беткі қабатын көлемді әдіспен, сондай-ақ беткі қабатты бағытталған аэрозольдармен өңдеуге арналған аэрозольды нысандағы дезинфекциялау құралдары				
1.1.2.1. Аэрозольды нысандағы құралдар	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-4,0 (≥1,5-<2,3)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	4-6	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-3	4-5	Мамандарға
	Қолдану режимдеріндегі ингаляциялық қауіп :			
	Уыттың қатты әсер ету аймағы:	1-ден кем	1	Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша мамандарға ЖҚҚ (противогаз (респиратор), қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		1-3	2	Пациенттер жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		3,1-10	3	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	4	Мамандарға
	Уыттың күштілігі аз әсер ету аймағы	10-нан кем	сыныпталмайды	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	сыныпталмайды	Пациенттер болған кезде мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсibilизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста

	А у а н ы ң құрамындағы жұмыс ерітіндісі (С) ӘЕЗ-ның гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау (қажет болған жағдайда жүргізіледі)	$C/ШРК(ӘБКД)_{ж.а.} > 1$	1-4	Пациенттер жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		$C/ШРК(ӘБКД)_{ж.а.} \leq 1$	1-4	Пациенттер жоқ кезде мамандарға
		$C/ШРК(ӘБКД)_{е.м.а.} \leq 1$	3-4	Адамдар болған кезде мамандарға
1.1.2.2. Қалдықтарды зарарсыздандыруға арналған концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік, таблетка, гель нысанындағы және басқа дайын нысандардағы дезинфекциялау құралдары	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 ($>50-\leq 2000$)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 $>200-\leq 2000$	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың қаныққан концентрациясында ғы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ -клиника	2	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		$C_{20} \geq Lim_{ac}$	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		$C_{20} Lim_{ac}$	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	>4 ($\geq 2,3$)	1-2 (1-2)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		2,1-4,0 ($\geq 1,5-\leq 2,3$)	3 (3)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып

		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.3. Желдету және ауа баптағыштар жүйелерін дезинфекциялауға арналған құралдар (өңдеу тәсілдері: сүрту, себелеу)				
1.1.3.1. Су ерітінділері, бағытталып әсер ететін аэрозольдар нысанындағы құрал	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға ЖҚК (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға ЖҚК (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
	Булардың қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ Lim _{ac}	4	Мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	0-3	4-5	Мамандарға
	Қолдану режиміндегі игаляциялық қауіп: Уыттың қатты әсер ету аймағы	10-нан артық	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге-қанға сіңгеннен кейінгі әсер етуі (21/28 күн)	әсердің болуы	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚК (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.4. Көлікті: жерүсті, теміржол және метрополитен, су, әуе көлігін дезинфекциялауға арналған құралдар				
1.1.4.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік, таблетка, гель нысанындағы және басқа дайын нысандардағы дезинфекциялау құралдары	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 (>50-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚК (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста

	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 (>200-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың 20 °С кезінде қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ =Lim _{ac}	3	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		C ₂₀ Lim _{ac}	4	Мамандарға
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-4,0 (≥1,5-< 2,3)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	0-3	4-5	Мамандарға
	Теріге-қанға сіңгеннен кейінгі әсер етуі (21/28 күн)	әсердің болуы	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	А у а н ы ң құрамындағы жұмыс ерітіндісі (С) ЭЕЗ-ның гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау (қажет болған жағдайда жүргізіледі)	C/ШРК(ӘБКД) _{ж.а.} > 1	3-4	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		C/ШРК(ӘБКД) _{ж.а.} ≤ 1	3-4	Мамандарға
		C/ШРК(ӘБКД) _{е.м.а.} ≤ 1	3-4	Мамандарға және халыққа тұрмыста

1.1.5. Қоғамдық тамақтану және сауда объектілерін дезинфекциялауға арналған құралдар

--	--	--	--	--

1.1.5.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік, таблетка, гель нысанындағы және басқа дайын нысандардағы дезинфекциялау құралдары	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-6,0 ($\geq 1,5$)	2-3 (2-3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 ($< 1,5$)	4 (сыныпталмайды)	Адамдар болған кезде мамандарға
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	> 4	2-3	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-3	4-5	Адамдар болған кезде мамандарға
	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL_{50} , мг/кг)	> 150 ($> 50 \leq 2000$)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		> 5000 (> 2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL_{50} , мг/кг)	> 500 $> 200 \leq 2000$	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		> 2000 (> 2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың қаныққан концентрациясындағы (C_{20}) жіті ингаляциялық қауіп	$C_{20} \geq Lim_{ac}$	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		$C_{20} Lim_{ac}$	4	Адамдар болған кезде мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Адамдар болған кезде мамандарға
1.1.5.2. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділері	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-4,0 ($\geq 1,5 - < 2,3$)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 ($< 1,5$)	4 (сыныпталмайды)	Адамдар болған кезде мамандарға
	Қайталанған аппликациялар	бірқалыпты (әлсіз)	сыныпталмайды	

	кезінде теріге тітіркендіріп әсер етуі (0,5-1 ай)			Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	4-6	3	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-3	4-5	Мамандарға
	Теріге-қанға сіңгеннен кейінгі әсер етуі (21/28 күн)	әсердің болуы	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Адамдар болған кезде мамандарға
	Қолдану режимдеріндегі ингаляциялық қауіп :			
	Уыттың қатты әсер ету аймағы:	1-ден кем	1	Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша мамандарға ЖҚҚ (противогаз респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		1-3	2	Адамдар жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		3,1-10	3	Адамдар жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	4	Мамандарға
	Ыдыстағы ДҚ қалдық мөлшерінің қауіпсіздігін бағалау (таңдау бойынша):			
	Цитоуыттылық: - жасушалар өсіріндісі (ЦУӘ дәрежесі)	1 артық емес	сыныпталмайды	Шектеусіз Шектеусіз

	- бұқаның шәуеті (уыттылық индексі)	70-120 %	сыныпталмайды	
	Жуып-шайылуын бақылау (әсер етуші заттың қалдық мөлшерін химиялық-талдамал ық әдісі)	қалдықтардың болмауы	сыныпталмайды	Шектеусіз
	А у а н ы ң құрамындағы жұмыс ерітіндісі (С) Ө Е З - н ы ң гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау (қажет болған жағдайда жүргізіледі)	$\frac{C}{ШРК(ӨБКД)_{ж.а.}} > 1$	2-4	Толық тазалау жұмыстарын жүргізу кезінде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		$\frac{C}{ШРК(ӨБКД)_{ж.а.}} \leq 1$	2-4	Адамдар жоқ кезде мамандарға
		$\frac{C}{ШРК(ӨБКД)_{е.м.а.}} \leq 1$	3-4	Адамдар болған кезде мамандарға
1.1.6. Төтенше жағдайлар кезінде жылдам әсер ететін дезинфекциялау құралдары				
1.1.6.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, таблетка нысанындағы дезинфекциялау құралдары	Асказанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>15 ($>5-\leq 2000$)	2-4 (2-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		> 5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>100 ($>50-\leq 2000$)	2-4 (2-4)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	>4	1-3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-3	4	Мамандарға
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері (эритема, ісіну), балл	>6 (некроз)	1 (1)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік , резеңке қолғаптар) колдана отырып

		2,1-6,0 ($\geq 1,5$)	2-3 (2-3)	Мамандарға ЖҚҚ (корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-2,0 ($< 1,5$)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Бұлардың қаныққан концентрациясындағы (C_{20}) жіті ингаляциялық қауіп	C_{20} -гибель C_{20} -клиника	1-2	Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша мамандарға ЖҚҚ (противогаз респиратор), корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		$C_{20} \geq \text{Lim}_{ac}$	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		$C_{20} \text{Lim}_{ac}$	4	Мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А(3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.6.2. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділері	Қолдану режимдеріндегі ингаляциялық қауіп:			
	Уыттың қатты әсер ету аймағы:	1-ден кем	1	Эпидемиялық көрсеткіштер бойынша мамандарға ЖҚҚ (противогаз респиратор, корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		1-3	2	Адамдар жоқ кезде мамандарға ЖҚҚ (респиратор, корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		3,1-10	3	Адамдар жоқ кезде мамандарға
		10-нан артық	4	Мамандарға

1.1.7. Эндоскоптарды, стоматологиялық аспаптар мен бедерлемелерді қоса алғанда, медициналық бұйымдарды дезинфекциялауға және стерильдеу алдында тазартуға арналған құралдар

1.1.7.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік нысанындағы және басқа дайын нысандардағы құрал	Құрсақ қуысына енгізген кездегі күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	кемінде 11	2-6	Мамандарға
	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 (>50-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 (>200-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ ≥Lim _{ac}	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		C ₂₀ Lim _{ac}	4	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	>4 (≥2,3)	1-2 (1-2)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	>4<10	2-3	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-3	4	Мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.7.2. Құралдың жұмыс ерітінділері	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-4,0 (≥1,5-<2,3)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып

		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Қайталанған аппликациялар кезінде теріге тітіркендіріп әсер етуі (0,5-1 ай)	бірқалыпты (әлсіз)	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға
	ДҚ қалдық мөлшерінің қауіпсіздігін бағалау (таңдау бойынша):			
	- цитоуыттылық: жасушалар өсіріндісі (ЦУӨ дәрежесі) бұқаның шәуеті (уыттылық индексі)	1 артық емес 70-120 %	сыныпталмайды сыныпталмайды	Шектеусіз Шектеусіз
	- эритроциттер гемолизі	2 % артық емес	сыныпталмайды	Шектеусіз
	- пирогенділік	әсердің болмауы	сыныпталмайды	Шектеусіз
1.1.8. Тамақ өнеркәсібінің әртүрлі салаларындағы кәсіпорындарда технологиялық жабдық пен үй-жайлардың беткі қабаттарын зарарсыздандыруға арналған құралдар				
1.1.8.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ, түйіршік, аэрозоль нысанындағы және басқа дайын нысандардағы дезинфекциялау құралы	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 (>50-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 (>200-≤ 2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Булардың қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ -клиника	2	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар, қорғаныш көзілдірік, противогаз (респиратор)) колдана отырып
		C ₂₀ ≥Lim _{ac}	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып

		$C_{20}Lim_{ac}$	4	Мамандарға
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	>6 (некроз)	1 (1)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		2,1-6,0 ($\geq 1,5$)	2-3 (2-3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Көзді жіті тітіркендіру әсері, балл	>4	1-3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-3	4	Мамандарға
	Кумулятивтік әсер (Л.И. Медведьтің сыныптауы бойынша)	3,1-5	бірқалыпты	Мамандарға
		5	әлсіз	Мамандарға
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.8.2. Дезинфекциялау құралдарының жұмыс ерітінділері	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	2,1-4,0 ($\geq 1,5$ -<2,3)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Қайталанған аппликациялар кезінде теріге тітіркендіріп әсер етуі (0,5-1 ай)	бірқалыпты (әлсіз)	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға
	ДҚ қалдық мөлшерінің қауіпсіздігін бағалау (таңдау бойынша):			
	- цитоуыттылық: жасушалар өсіріндісі (ЦУӘ дәрежесі)	1 артық емес 70-120 %	сыныпталмайды сыныпталмайды	

	бұқаның шәуеті (уыттылық индексі)			Шектеусіз Шектеусіз
	Жуып-шайылуын бақылау (әсер етуші заттың қалдық мөлшерін химиялық-талдамал ық әдісі)	қалдықтардың болмауы	сыныпталмайды	Шектеусіз
1.1.9. Микробтарға қарсы материалдар				
1.1.9.1. Микробтарға қарсы материалдар	А у а н ы ң құрамындағы жұмыс ерітіндісі (С) Ө Е З - н ы ң	$C/ШРК(ӨБҚД)_{ж.а.} > 1$	2-4	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
	гигиеналық нормативтерге сәйкестігін бағалау (	$C/ШРК(ӨБҚД)_{ж.а.} \leq 1$	2-4	Мамандарға
	қажет болған жағдайда жүргізіледі)	$C/ШРК(ӨБҚД)_{е.м.а.} \leq 1$	3-4	Адамдар болған кезде мамандарға және халыққа тұрмыста
1.1.9.2. Маталарға микробтарға қарсы қасиеттер беруге арналған дезинфекциялау құралдары	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Персоналға, пациенттерге және халыққа тұрмыста
	Бұқа шәуетіндегі уыттылықты талдау (матаның созындысы) (уыттылық индексі)	70-120 %	сыныпталмайды	Персоналға, пациенттерге және халыққа тұрмыста
	Теріге-қанға сіңгеннен кейін және құралдың тері мен тінге тітіркендіріп әсер етуі (14/28 күн)	әсерлердің болмауы	сыныпталмайды	Персоналға, пациенттерге және халыққа тұрмыста

1.2. Стерильдеу құралдары

Құралдың мақсаты	Зерттелетін көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер		Қолдану шарттары
		көрсеткіштің шамасы	сыныптау бағасы	
1	2	3	4	5
1.2.1. Концентрат, сұйықтық, ұнтақ нысанындағы және басқа дайын нысандардағы стерильдеу құралдары	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>15 (>5-≤2000)	2-4 (2-4)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>5000	4	

		(>2000)	(5)	Мамандарға
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>100 >50-≤2000	2-4 (2-4)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға
	Құрсақ қуысына енгізген кездегі күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	кемінде 11	2-6	Мамандарға
	Булардың қаныққан концентрациясындағы (C ₂₀) жіті ингаляциялық қауіп	C ₂₀ -клиника	2	Мамандарға ЖҚҚ (протвогаз (респиратор), қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		C ₂₀ ≥Lim _{ac}	3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		C ₂₀ Lim _{ac}	4	Мамандарға
	Теріні жіті тітіркендіру (күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну)	>6 (некроз)	1 (1)	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор, қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		2,1-6,0 (≥1,5)	2-3 (2-3)	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Денені түршіктіру (сенсбилизация) әсері (тері (респираторлық))	бірқалыпты (әлсіз) (бірқалыпты (төмен))	3А (3В) (1В)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		әсердің болмауы (әсердің болмауы)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
1.2.2. Медициналық бұйымдардан ауа тартқыштар (экстрактілер немесе шайындылар)	ДҚ қалдық мөлшерінің қауіпсіздігін бағалау (таңдау бойынша):			
	- цитоуыттылық: жасушалар өсіріндісі	1 артық емес	сыныпталмайды	

	(ЦУӘ дәрежесі) бұқаның шәуегі (уыттылық индексі)	70-120 %	сыныпталмайды	Шектеусіз Шектеусіз
	- эритроциттер гемолизі	2 % артық емес	сыныпталмайды	Шектеусіз
	- пирогенділік	әсердің болмауы	сыныпталмайды	Шектеусіз
1.2.3. Стерильдеу құралдарының жұмыс ерітінділері	Теріні жіті тітіркендіру (2,1-4,0 күйдіру) әсері, балл (эритема, ісіну) ($\geq 1,5$ - $< 2,3$)		3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		0-2,0 ($< 1,5$)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Қайталанған аппликациялар кезінде теріге тітіркендіріп әсер етуі (0,5-1 ай)	бірқалыпты (әлсіз)	сыныпталмайды	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға

1.3. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау ауыз суын зарарсыздандыруға арналған құралдар

Құралдың мақсаты	Зерттелетін көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер		Қолдану шарттары
		көрсеткіштің шамасы	сыныптау бағасы	
1	2	3	4	5
1.3.1. Орталықтандырылмаған сумен жабдықтау ауыз суын зарарсыздандыруға арналған құралдар (таблеткалар, ұнтақтар, ерітінділер, түйіршіктер)	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>150 ($>50 \leq 2000$)	3-4 (3-4)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>5000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	151-2500 $>200 \leq 1000$	3 (3)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) колдана отырып
		>2500 (>1000)	4 (4-5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Жұмыс ерітінділерінің максималды концентрациядағы жіті ингаляциялық қауіптілігі (20 °C кезінде қанықтырылған	$C_{20} = \text{Lim}_{ac}$	3	Мамандарға ЖҚҚ (корғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) колдана отырып
		$C_{20} > \text{Lim}_{ac}$	4	

	концентрацияларда) (C ₂₀)			Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ж ұ м ы с ерітінділерінің максималды	2,1-4,0 (≥2,3-<4)	3 (2)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
	концентрацияда теріге тітіркендіріп әсер етуі (қайталау, 10 аппликация), балл	2,1-4,0 (≥1,5-<2,3)	3 (3)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ж ұ м ы с ерітінділерінің әртүрлі	1-6	3-4	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
	концентрацияларда көздің шырышты қабығына құралдың тітіркендіріп әсер етуі (бір рет), балл	1-3	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік, резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0	5	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ж ұ м ы с ерітінділерінің максималды концентрацияда терілік (респираторлық) түршіктіру (сенсбилизация) әсері (көрсеткіштер бойынша)	әсердің болмауы	сыныпталмайды	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Кейіннен болатын әсерлер: эмбриоуыттық, мутагендік, канцерогендік, эмбриоуыттық, тератогендік (ӨЕЗ және ілеспе компоненттер туралы әдебиеттердің деректерін, деректер базасын ескере отырып)	әсердің болмауы	сыныпталмайды	Құралды өндіруге және қолдануға рұқсат етіледі
	Тиімділігі ең төмен зарарсыздандыру	>10	сыныпталмайды	Құралды эпизодтық қолдануға тыйым салу немесе рұқсат ету

1.3.2. Қолдану режимінде дезинфекциялау құралымен өңделген ауыз су (көл, тоған, құдық, өзен суы және басқа табиғи су)	концентрация (ТТЗК) мен ӘЕЗ ШРҚ _с арақатынасы (ТТЗК/ШРҚ _с)	>5-10	сыныпталмайды	Құралды 10-15 күн ішінде қолдануға рұқсат етіледі
		>1-5	сыныпталмайды	Құралды 30 күн ішінде қолдануға рұқсат етіледі
		≤1	сыныпталмайды	Құралды шектеусіз мерзімде қолдануға рұқсат етіледі
	Зарарсыздандырылған орталықтандырылған судың күштілігі аз әсер ету шегін әсердің біліну уақыты бойынша анықтау, Lim_{subac} (90 күндер)	1-3	сыныпталмайды	Суды эпизодтық қолдану немесе тыйым салу
		30	сыныпталмайды	Суды 10-15 күн ішінде қолдану
		90	сыныпталмайды	Суды бір ай ішінде қолдану
	Зарарсыздандырылған судың қолданылу режиміндегі органолептикалық қасиеттері (иісі, дәмі), балл	≤рұқсат етілген мәндер	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
	Қауіпсіздіктің санитариялық-химиялық көрсеткіштері	≤рұқсат етілген мәндер	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
	Зарарсыздандырылған судағы ӘЕЗ концентрациясы	≤ШРҚ _с	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
	ӘЕЗ түрлену өнімдерінің және ӘЕЗ ықпал етуімен қалыптасатын судағы түрлену өнімдерінің концентрациясы	≤ШРҚ _с	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
	Зарарсыздандыру құралдарының зиянды коспаларының судағы концентрациясы	≤0,5ШРҚ _с	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі

1.3. Жүзу бассейндері мен аквапарктер суын зарарсыздандыруға арналған құралдар

Құралдың мақсаты	Зерттелетін көрсеткіштер	Нормативтік көрсеткіштер		Қолдану шарттары
		көрсеткіштің шамасы	сыныптау бағасы	
1	2	3	4	5

1.4.1. Жүзу бассейндері мен аквапарктер суын зарарсындандыруға арналған құралдар (таблеткалар, ұнтақтар, сұйықтықтар, түйіршіктер)	Асқазанға енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>151-5000 (>50-≤300)	3 (3)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2500 (>300)	4 (4-5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Теріге енгізген кезде күшті уыттылығы (DL ₅₀ , мг/кг)	>500 (>200-≤2000)	3-4 (3-4)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		>2000 (>2000)	4 (5)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Құралдардың буды қанықтыру концентрацияларын дағы (C ₂₀) ингаляциялық қауіпі	C ₂₀ ≥ Lim _{ac}	2-3	Мамандарға ЖҚҚ (респиратор) қолдана отырып
		C ₂₀ < Lim _{ac}	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ж ұ м ы с ерітінділерінің максималды концентрацияда теріге тітіркендіріп әсер етуі (15 аппликация), балл	2,1-4,0 (≥2,3-<4)	3 (2)	Мамандарға ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		2,1-4,0 (≥1,5-<2,3)	3 (3)	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (резеңке қолғаптар) қолдана отырып
		0-2,0 (<1,5)	4 (сыныпталмайды)	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Ж ұ м ы с ерітінділерінің әртүрлі концентрацияларда көздің шырышты қабығына тітіркендіріп әсер етуі (бір рет), балл	4-6	3	Мамандарға ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік) қолдана отырып
		1-3	4	Мамандарға және халыққа тұрмыста ЖҚҚ (қорғаныш көзілдірік) қолдана отырып
		0	5	Мамандарға және халыққа тұрмыста
	Кейіннен болатын әсерлер: эмбриоуыттық, мутагендік, канцерогендік, эмбриоуыттық, тератогендік (ӘЕЗ)	әсердің болмауы	сыныпталмайды	

	және ілеспе компоненттер туралы әдебиеттердің деректерін, деректер базасын ескере отырып)			Құралды өндіруге және қолдануға рұқсат етіледі
	Тиімділігі ең төмен зарарсыздандыру концентрация (ТТЗК) мен ЭЕЗ ШРК _{басс.} арақатынасы (ТТЗК/ШРК _{басс.})	>1	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етілмейді
		≤1	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
	Қалдық зарарсыздандыру (бактериостатистикалық) әсер етуі	Әсердің болуы Әсердің ұзақтығы ≥ 1 тәулік судың 5 мгО ₂ /л перманганаттық қышқылдануы кезінде	сыныпталмайды	Құралды қолдануға рұқсат етіледі
